

Кафедраға қарасты “New STEP project” стартап командасы “Enactus” әлемдік әлеуметтік ұйымы көлемінде институт студенттерінен “Enactus Sherkhan” құрама командасын құрып, аталмыш командамен бірге 2023 жылдың 30 қараша күні “Almaty Enactus forum-2023” бизнес коллаборациясына барды.

Студенттер бизнесте өз орындарын ойып алған мамандармен кездесіп, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, кемелді сұхбат жасап, бизнес жүргізу бойынша кеңестер алды.






Институтта ұйымдастырылған «Адал азамат» фестиваліне кафедраның бітіруші 4-ші курс студенттері қатысып, өз өнерлерін көрсетті. «Адал әлем» тақырыбында суреттен көрме ұйымдастырды. «Адал азамат» тақырыбында дәрігер туралы көрініс қойып, көрерменнің жүрегін тебіренткен қойылым болды.















2023 жылдың тамыз айында кафедра оқытушысы Г.А.Байғазиеваның жетекшілігімен “New STEP project” стартап командасы студенттері Алматы қаласы «Тау-Туран» демалыс орталығында «AlmaU» жоғарғы оқу орнының стартапперлерге арнап ұйымдастырған “Big Ideas CAMP-2023” жазғы лагеріне барды.



